

5.2. стационардағы сырқат баламен өзара қарым-қатынас жасау ерекшеліктері

Отбасылар ойын баланы шаршатады әрі мазасын алады деп ойлап, сырқат баламен ойнамауы мүмкін. Алайда сырқат балаларға мейлінше қамқорлық таныта отырып, олармен ойнауға және қарым-қатынас жасауға болады. Зерттеу көрсеткеніндей, ынталандыру болған жағдайда стационардағы балалар басқа балаларға қарағанда тезірек жазылады. Бұған қоса, стационарда ынталандырусыз қалған балалар уақыт жоғалтып, бұл кезең олардың дамуын тежейді. Сырқат баламен дұрыс қарым-қатынас жасауға байланысты кейбір ұсынымдарды қарастырайық.

1. сырқат баланың қасына бару.

Кереуетте жатқан сырқат баланы қорқытып алмай, қасына жақындау керек. Аурухана қызметкерлерінің балаға екпе жасап, оған басқа да қолайсыздықтар туғызатынын ескеріңіз. Бала өзіне жақындаған кез келген таныс емес адамдардан қорқуы мүмкін. Міне, бірнеше ұсынымдар:

Баяу қозғалып, баланың сізді көріп жатқанына көзіңізді жеткізіңіз. Баланың қандай жағдайда жатқанына қараңыз: енжар ма, қызығушылық танытып жатыр ма немесе үрейленіп жатыр ма?

Егер бала үрейленіп жатпаса, оның жанына отырыңыз. Сіздің зиян келтірмейтініңізге баланың көзі жеткенше шыдамдылық танытып, күтіңіз. Егер бала сізге қарап қолын созса, сіз де оған ұмтылыңыз. Бала сізге бірінші болып қолын тигізгенше күтіңіз. Балаға қарай тым тез қозғалып, белсенділік танытпаңыз.

2. Баланың назарын аудару.

Балаға жасына сәйкес келетін қандай да бір қызықты затты көрсетіңіз. Бұл затты баланың алдында жайлап қозғалтыңыз. Бала оған шап беріп, жармаспай ма, қараңыз. Оны баланың қолына беріңіз.

Егер бала ұйқылы-ояу болса немесе оған назар аудармаса, онда оған бала сезіне алатын затты (мысалы, жұмсақ матаны, құрғақ ысқышты) тигізіңіз. Егер қажет болса, баланы сақтандыру және назарын аудару үшін жеңіл «қорқытушы әсерді» пайдаланыңыз. Баланың жасы мен жайкүйіне сәйкес келетін ойыншықты пайдаланыңыз. Мысалы, егер бала мүлдем кішкентай болса, сылдырмақты жай, қысқа ғана сылдырлатыңыз. Егер баланың жасы үлкен болса, металл ыдысқа қасықты ақырын ұрыңыз.

3. Баланың шығарған дыбыстары мен жасаған ишараларын қайталап, баланың көрсеткендерін істеу.

Баланың назарын аударғаныңызға және бір-біріңізге қарап тұрғаныңызға көз жеткізіңіз. Бала қандай да бір қозғалыс жасағанша немесе бір дыбыс шығарғанша күтіңіз. Егер бала сырқат болса, оның алғашқы қимылдары мардымсыз болуы мүмкін, мысалы, бала тек көзін жұмуы немесе көзін аша алуы мүмкін. Бұдан соң баланың қимылдарын қайталаңыз, бірақ оны барынша әдейілеп жасаңыз. Баланың шығарған дыбыстарын ыждаһатпен қайталаңыз.

Оны арада дыбыстар мен ишаралардан тұратын ықыласты «әңгіме» басталмайынша қайталай беріңіз. Қатысушылардан оның ырғағына назар аударуын сұраңыз – сіз баланың реакциясынан кейін қайталайсыз. Сіз бала өзінің өзіңіз айнытпай қайталауға тиіс болатын реакциясын қайталағанша немесе жаңасын көрсеткенше күтесіз.

Егер баламен бұлайша қарым-қатынас жасау мүмкін болмаса, онда келесі сабаққа көшіңіз (төменде келтірілген 4-тармаққа көшіңіз).

4. Баланың жасы мен жай-күйіне сәйкес келетін істер мен ойыншықтарды пайдаланып, баламен ойнау және қарым-қатынас жасау.

Кеңестер карточкасына жүгініңіз. Балаға сәйкес келетін ойын сабағын таңдаңыз. Сырқат, енжар баламен жүргізілетін сабақты кіші жастағы балалар тобындағы балаларға арналған сабақтардан бастауға болады.

Әрбір нақты сәтте баланың алдына тек бір затты қойыңыз. Егер мүмкін болса, сіз екіншісін жаңалағанша баланың осы затпен ойнай бастауына қол жеткізіңіз.

Баланың алдына таңдауға бірнеше затты қатар тастау кеңінен таралған қателік болып табылады. Таңдаудың көптігі бала тапсырманы орындап үйренгенге дейін оны абдыратып немесе жаңа тапсырмадан көңілін басқа жаққа аударуы мүмкін.

Белсенділік деңгейін көтеріңіз. Мысалы, кішкентай заттан бастаңыз. Заттарды көбірек қосып, баладан оларды бір табаққа салуын сұраңыз. Бала заттарды сұрыптап, одан кейін заттарды табаққа лақтырғанда дыбыс шығатындай ойынды ұйымдастырыңыз. Баланы мақтаңыз және оның жетістіктеріне қуанғаныңызды көрсетіңіз. Егер бала қызығушылығын жоғалтса, онда сабақты және ойынға арналған заттарды ауыстырыңыз.

5. Баланың белсенділігі мен оның жаңа дағдыларды пайдалану деңгейін арттыру. Бала белсенді болып, тапсырманы орындауға қабілетті болған кезде аналарға арналған жадынамадан неғұрлым күрделірек ойын немесе коммуникативті сабақтарды таңдап алыңыз.

Баланың бастап кетуіне көмектесіңіз. Баланың жаңа тапсырмаға қалай қарайтынын бақылаңыз. Баланы тапсырманы істей алғаны үшін қалай тағы да

мақтаңыз. Баланың жаңа ойын ойнауға тырысқанына қуанғаныңызды көрсетіңіз.

Ойнап болған соң, баланың ұстаған ойыншықтарын жуыңыз. Бөлімдегі басқа балаларға бермес бұрын аурудың басқа балаларға жұғу қаупін мейлінше азайту үшін ойыншықтарды жуу керек.

Бөлімнен кетпес бұрын баламен қоштасу тәсілін табу қажет. Мысалы, тәрбиеші баламен ойнасын. «Сау бол – сау бол» деп қолыңыз арқылы ишарат жасаңыз. Балаға ойыншықты ойнауға қалдырыңыз.

Ойыншық міндетті түрде сатып алған болуға тиіс емес. Ойыншық ретінде, мысалы, тәрбиешінің кесесі мен қасығын немесе қарапайым пластик контейнер немесе «ку-ку» ойнау үшін матаны пайдалануға болады.